

Ораза қабыл болсын!

# SARYARQA SAMALY

Павлодар облыстық газеті  
1929 жылғы 15 ақпаннан шығады

27 ақпан, бейсенбі  
2025 жыл  
№8 (16076)



✉ ssamaly29@gmail.com

🌐 www.saryarka-samaly.kz

📘 facebook.com/saryarqasamaly

📷 @saryarqa\_samaly

📍 @saryarqa\_samaly

## Жылу мен жарық сыйлап...



Суретті түсірген - Есенжол Исабек.

Қазіргі өркениет заманында өмірімізді электр және жылу қуатынсыз елестету мүмкін емес. Үйде, жұмыста жарық «жалп» етіп сөніп қалғанда барлық шаруамыз тұралап қалғандай болады. Мұндай ақауларды дер кезінде жойып, олқылықтардың орын алмауы үшін энергетика саласы мамандарының атқаратын еңбегі зор.

Жалғасы 7-бетте ►►

Берен:

### БАТЫРДЫҢ ӨШПЕС ЕРЛІГІ

Биыл Ұлы Жеңіске жеткенімізге - 80 жыл. Сонымен қатар, Кеңес Одағының батыры, соғыс ардагері Махмет Қайырбаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Айтулы күндер аясында қалың оқырманға жерлес батырымыздың өмірі туралы сыр шертетін кітап жол тартты.

Толығырақ 22-бетте ►►

**Құрметті  
Павлодар облысының  
тұрғындары!  
Қадірлі жерлестер!**

Сіздерді он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын.

Ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан дәстүрлеріміздің моральдық-этикалық негізі өзгеріссіз қалады. Берекелі ай тазалыққа, жақсылыққа, бірлік пен игілікке шақырады. Сондықтан, Рамазан мұсылмандардың ғана емес, өңіріміздің басқа дін өкілдерінің де басын біріктіріп, дәстүрлі рухани құндылықтарын нығайта түседі.

Қасиетті Рамазан айы әр үйге береке, бақыт әкелетініне, ізгі істердің уақытына айналатынына сенімдімін.

Туыс-жақындарыңыз аман, дұға-тілектеріңіз қабыл болсын!

**Асайын БАЙХАНОВ,**  
Павлодар  
облысының әкімі.

1 НАУРЫЗ —  
АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

«ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА  
РИЗАМЫЗ»



4  
бет

## ҚЫЛМЫС

## Күдіктілер құрықталды

Жуырда Ресей Федерациясы аумағында осыдан үш ай бұрын Павлодардағы «Халық банк» бөлімшесін тонады деген күдікті бес адам ұсталды. Қазір екі ел арасында полицияның бірлескен жедел тергеу тобы құрылып, күдіктілерді Қазақстанға әкелу мәселесі қарастырылып жатыр.

Павлодар облысы полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлағандай, облыс орталығындағы Естай көшесінде орналасқан «Халық банк» бөлімшесіндегі ұрлыққа қатысы бар деген күдіктілер қолға түскен. Тұтқындалғандардың бәрі - Ресей елінің азаматтары.

- РФ азаматтары болып табылатын ұсталғандарға қатысты Қазақстан сотының шешімі бойынша қамауға рұқсат берілді. Халықаралық келісім аясында ҚР ІІМ ресейлік еріптестермен бірге жедел тергеу

тобын құрды. Қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеу жұмыстары жалғасуда. Оның қорытындысы бойынша процессуалдық шешім қабылданады, - деп хабарлады полиция департаментінде.

Естеріңізге сала кетсек, 2024 жылы 11 қарашада белгісіз біреулер Естай көшесі, 40 мекенжайындағы көпқабатты үйдің жертелесі арқылы банктің аймағына кіріп, 2 млрд теңгеден астам қаражат ұрлап кеткен болатын. Бөлімше қызметкерлері ұрлық туралы таңертең жұмысқа

келген кезде білген. Банк тұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқан, ал қаскүнемдер қабырғаны тесіп, жертелесі арқылы ішке кіргені анықталды. Тәртіп сақшылары бірден тергеуге кірісті. Алайда бірнеше ай бойы күдіктілерді ұстай алмады. Бұрнағы күні қаскүнемдердің қайда екені белгілі болды. Банк бөлімшесін тонады деген күдіктілер көршілес мемлекетте құрықталды.

А.МҰҚЫШЕВ.

Павлодар облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 26 ақпанда №7640-14 болып тіркелді Павлодар қалалық мәслихаты 8-сайланған XXVI-кезектен тыс сессия 2025 жылғы 25 ақпандағы №224/26 ШЕШІМ

Павлодар қалалық мәслихатының 2023 жылғы 29 мамырдағы №32/3 «Павлодар қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Павлодар қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар қалалық мәслихатының «Павлодар қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы» 2023 жылғы 29 мамырдағы №32/3 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7342 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2025 жылғы 14 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қалалық мәслихатының төрағасы Қ.ҚОЖИН.

Павлодар қалалық мәслихатының 2025 жылғы 25 ақпандағы №225/26 шешімі 8-сайланған XXVI-кезектен тыс сессия Қазақстан Республикасы эталондық бақылау банкінде 2025 жылғы 25 ақпанда жарияланды

Павлодар қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Павлодар қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Павлодар қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім 2025 жылғы 14 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қалалық мәслихатының төрағасы Қ.ҚОЖИН.

Павлодар қалалық мәслихатының 2025 жылғы 25 ақпандағы №225/26 шешіміне қосымша

Павлодар қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Қызметтердің құны (қосылған құн салығын қоса алғанда) теңге
Жайлы үйлер	1 тұрғыннан айна	534
Жайлы емес үйлер	1 тұрғыннан айна	604
Бірлік (көлем) үшін жылдық тариф	1 м³	2324



Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыка-драма театрының 2025 жылғы наурыз айына арналған РЕПЕРТУАРЫ

1 наурыз	17.00-де	Алғыс айту күніне орай Н.Альдо «Күзгі оқиға» /трагикомедия/ Реж:Ж.Садықов
4 наурыз	16.00-да	С.Левицкий «Джудит жасаған қиын таңдау» /балалар мен ересектерге арналған спектакль-шоу Реж:С.Левицкий
5 наурыз	13.00-де, 18.30-да	С.Левицкий «Джудит жасаған қиын таңдау» /балалар мен ересектерге арналған спектакль-шоу Реж:С.Левицкий
8 наурыз	17.00-де	Халықаралық әйелдер күніне орай Қ.Жүнісов «Алғашқы махаббат» /комедия/ Реж:Ж.Садықов
12 наурыз	13.00-де	Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» /драма/ Реж:Ж.Садықов
13 наурыз	12.00-де, 13.30-да	С.Үсіпәлі «У-сана» /ертегі/ Реж:Ж.Садықов
14 наурыз	18.30-да	Н.Тұрлыбек «Шәмші» /спектакль-концерт/ Реж:Ә.Ақанов
18 наурыз	18.30-да	Е.Төлеубай «Кербез келіндер» /комедия/ Реж:Е.Қауланов
20 наурыз	18.30-да	Ш.Құдайбердіұлы «Ұждан» /эпосана/ Реж:А.Нигманов
22 наурыз	11.00-де	«Қош келдің, әз Наурыз! мерекелік концерт
23 наурыз	17.00-де	Н.Тұрлыбек «Сезім үшін» /лирикалық кеш/ Реж:Ә.Ақанов
27 наурыз	18.30-да	Н.Тұрлыбек «Сезім үшін» /лирикалық кеш/ Реж:Ә.Ақанов
28 наурыз	12.00-де	Р.Киплинг «Маугли» /ертегі/ Реж:Д.Төлеубаев

Театр басшысы: А.Темірбек.

Театрдың көркемдік жетекшісі: Е.Қауланов.

Бас режиссер: Ә.Ақанов.

Мекенжайымыз: Ломов көшесі, 140-үй, 31-02-09, 62-27-57, 87053433305 teatrpavlodar.kz, онлайн билет - TicketonEvents.

## Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарландыру

«Эр Ликид Мунай Тех Газы» ЖШС «ПМХЗ» ЖШС аумағында сутегі өндіру қондырғысын салу» (құрылыс кезеңі) ЖЖ бойынша әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдар бойынша қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарлайды.

Аумағында әсер болуы мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі - Павлодар қ. және Павлодарское ауылы.

Учаскенің географиялық координаттары:

1) 52 22'32.83"СЕ; 76 55'10.32"ШБ;  
2) 52 22'32.84"СЕ; 76 55'15.91"ШБ;  
3) 52 22'29.25"СЕ; 76 55'10.36"ШБ;  
4) 52 22'29.26"СЕ; 76 55'15.92"ШБ.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 52 22'30.79"СЕ, 76 55'31.91"ШБ.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны, күні мен уақыты - 2025 жылғы 3 сәуір сағат 11.00-де, мекенжайы: Павлодар қ., Павлодар ауылы, Мәңгілік ел көшесі, 4/2, Павлодар ауылы әкімдігінің ғимараты, 2-қабат;

- сағат 15.00-де, мекенжайы: Павлодар қ., Торайғыров көшесі, 70, «Павлодар химия-механикалық колледжі» КМҚК, мәжіліс залы.

Жоспарланып отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері - «Эр Ликид Мунай

Тех Газы» ЖШС, 010000, Астана қ., «Есіл» ауданы, Дінмұхамед Қонаев көш., №2 ғимарат, БАҚЫР КААН ОРЧУН, 87715558127, [ww-almgtg@airliquide](mailto:ww-almgtg@airliquide).

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушінің деректемелері және байланыс деректері - «КАЗГИПРО-НЕФТЕТРАНС» ИК» ЖШС (КГНТ), Алматы қ., Райымбек даңғ., 160А-үй, тел. +7 (727) 258-35-67.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттама Бірыңғай экологиялық порталда - <https://ecoportal.kz>; Павлодар облысының Жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланып отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты алуға, сонымен қатар жоспарланып отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұратуға болатын электрондық мекенжай мен телефон нөмірі - O.Antonyuk@kgnt.kz, тел.: +7(727) 258-35-67 (868), +77013297817.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар және жарияланған қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы бойынша

өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электрондық нысанда жібере алатын облыстағы жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы - <https://esportal.kz> және «Павлодар облысының Жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, мекенжайы: Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б, 307 каб., email: [buhina.raushan@pavlodar.gov.kz](mailto:buhina.raushan@pavlodar.gov.kz), тел. 8 (7182) 32-16-81.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Бейнеконференц байланыс форматындағы қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасы арқылы қолжетімді болады. Zoom конференциясына төмендегі сілтеме арқылы қосылуға болады:

сағат 11.00 - де - <https://us06web.zoom.us/j/84416464793?pwd=BklyNpNMP1bY2WccqBXN1ozFaluzsF.1>

ID: 844 1646 4793, кіру коды: 123456; сағат 15.00 - де: <https://us06web.zoom.us/j/89981897173?pwd=zl9DtOv9A5Fxy7gJxwdPRbs8TUJf.1>

ID: 899 8189 7173 кіру коды: 123456. (2027)

## ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

## Ажалдан арашалады

Облыстық жедел жәрдем қызметінің мамандары клиникалық өлім жағдайында болған ер адамды ажалдан құтқарды. Медициналық бригада жүрегі тоқтап қалған науқасқа электрлік импульс беретін дефибрилятор құрылғысын қолданған.

Демалыс күндері 103 қызметіне түсетін қоңырау саны артатыны белгілі. Өткен демалыста жедел жәрдемнен көмек сұраған әйел 1976 жылы туған күйеуінің жүрек тұсы ауырып тұрғанын жеткізген. Науқасқа бірінші санаттағы жедел жәрдем көлігі жіберілді. Ер адамға шұғыл түрде алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, оны облыстық кардиологиялық орталыққа жеткізу туралы шешім қабылданады.

- Науқасты тасымалдау кезінде жүрек ырғағы бұзылған. Ес-түссіз жатқан ер адам клиникалық өлімді бастан кешті. Мамандар жанама жүрек массажын жасап, өкпені жасанды желдету құрылғысын қосты. Дефибрилятордың көмегімен тоқтап қалған жүрек қызметін қалыпқа келтірді. Кардиологиялық орталыққа жеткізілген бойда науқас реанимациялық бригадаға тапсырылды. Қазір ол ем алуды жалғастыруда, - дейді облыстық жедел жәрдем стан-



циясы басшысының орынбасары И.Мищенко.

Жедел жәрдем қызметінің мамандары біліктілігін үнемі арттыратынын атап өткен жөн. Талай жылдан бері 103 қызметінің

дәрігерлері шұғыл көмек көрсетудің халықаралық стандарттары бойынша оқу курстарынан өтіп, симуляциялық орталықта тәжірибелік дағдыларды меңгеруде.

А.АСҚАРҚЫЗЫ.

# С Днём благодарности!

ПАВЛОДАРСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ГАЗЕТА



27 февраля 2025 года,  
четверг  
№8 (20037)

# ЗВЕЗДА ПРИИРТЫШЬЯ

<http://irstar.kz>

Издаётся с 7 апреля 1918 года

## Выше сервис



Фото из архива Валерия БУГАЕВА

По итогам прошлого года в Павлодарской области почти в два раза выросли инвестиции в сферу туризма. Благодаря этому значительно увеличился туристический поток. Однако отрасли есть куда расти, чтобы полностью раскрыть свой потенциал.

Подробности читайте на 2 стр.

### Уважаемые жители Павлодарской области! Дорогие земляки!

От всего сердца поздравляю вас с наступлением священного месяца Рамазан – особого периода милосердия, прощения и духовного совершенства.

Нравственная и этическая основа наших традиций, уходящих в глубину веков, остается неизменной. Благословенный месяц призывает к чистоте, гуманизму, единству и благодеянию. Эти ценности близки и понятны не только мусульманам. Поэтому в нашем регионе Рамазан объединяет всех жителей, вне зависимости от вероисповедания.

Уверен, что особый месяц принесет в каждый дом достаток, счастье, благополучие и согласие, станет временем уважения и добрых дел.

Пусть будут приняты ваши молитвы, благие намерения. Пусть будут здоровы, счастливы родные и близкие.

Асаин БАЙХАНОВ,  
аким Павлодарской области.


### Читайте в номере:

**ОСОБЫЙ ДЕНЬ:**  
за всё благодарим



стр. 11, 12

**РАМАЗАН:**  
таблица поста



стр. 16-17

#### ПОГОДА

По данным сайта gismeteo.kz, 28 февраля в Павлодаре облачно, ночью температура воздуха 16-18 градусов мороза, ветер юго-западный 1-3 м/с, днём температура воздуха 7-9 градусов ниже нуля, ветер западный, 2-4 м/с.

1 марта в Павлодаре пасмурно, ночью температура воздуха 16-18 градусов мороза, ветер юго-западный, 0-2 м/с, днём температура воздуха 7-9 градусов ниже нуля, ветер юго-западный, 1-3 м/с.

